

Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құруға және кеңейтуге арналған жер учаскелерін резервте қалдыру ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 қыркүйектегі N 943 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне және "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құруға және кеңейтуге арналған жер учаскелерін резервте қалдыру ережесі бекітілсін.

2. "Жерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу және жерді осы аумақтардың резервіне қалдыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 қыркүйектегі N 910 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 36, 369-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбындағы және 1-тармақтағы "және жерді осы аумақтардың резервіне қалдыру" деген сөздер алынып тасталсын;

кіріспесіндегі "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңына және" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

көрсетілген қаулымен бекітілген Жерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу және жерді осы аумақтардың резервіне қалдыру ережесінде:

тақырыбындағы "және жерді осы аумақтардың резервіне қалдыру" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15-тармақтар алынып тасталсын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 9 қ ы р к ү й е к т е г і

N 9 4 3 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құруға және кеңейтуге арналған жер учаскелерін резервте қалдыру ережесі

Ескерту. Ереже жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.07 N 1413 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құруға және кеңейтуге арналған жер учаскелерін резервте қалдыру ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне және «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құруға және кеңейтуге арналған жер учаскелерін резервте қалдыру тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

2. Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құруға және кеңейтуге арналған жер учаскелерін резервте қалдыру ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру және кеңейту бойынша бекітілген жаратылыстану-ғылыми негіздемелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Жер учаскелерін резервте қалдыру туралы шешімдерді облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары қабылдайды.

2. Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту үшін жер учаскелерін резервте қалдыру тәртібі

3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері, құзыретіне жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мәселелері кіретін облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары республикалық не жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру немесе кеңейту бойынша бекітілген жаратылыстану-ғылыми негіздемеге сәйкес облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органына ерекше қорғалатын табиғи аумақтар үшін жерлерді резервте қалдыру туралы ұсыныстар (өтініштер) дайындайды.

4. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы көрсетілген ұсыныстарды (өтініштерді) қарау және қажетті материалдарды

дайындау үшін облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы аумақтық органдар, жер қатынастары жөніндегі облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандық органы, мемлекеттік жер кадастрын жүргізетін мамандандырылған республикалық мемлекеттік кәсіпорындар және басқа да мүдделі органдар өкілдерінің құрамында комиссия құрады, ол мүдделі жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың немесе олардың өкілдерінің қатысуымен республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құруға және кеңейтуге арналған жер учаскелерін қаз-қалпында тексеріп шығады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі комиссияның жұмыс органы болып табылады.

5. Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құруға және кеңейтуге арналған жер учаскелерін тексеру нәтижелері жер учаскелерінің жоспары (сызбасы) қоса тіркелген, комиссия мүшелері және жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар немесе олардың өкілдері қол қоятын актімен ресімделеді.

Жер учаскелерін резервте қалдыру жоспары (сызба) жер қатынастары жөніндегі облыстық (аудандық) уәкілетті органдарда немесе мемлекеттік жер кадастрын жүргізетін мамандандырылған республикалық мемлекеттік кәсіпорындарда бар жер кадастры мәліметтерінің негізінде жасалады.

Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру және кеңейту үшін резервте қалдырылатын жер учаскелерінің қазіргі жай-күйі бойынша материалдарды (жер-кадастрлық карта, аралас және бөтен жер пайдаланушылардың тізбесі, жерлер экспликациясы) комиссияға мемлекеттік жер кадастрын жүргізетін мамандандырылған республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың қатысуымен облыстардың жер қатынастары бойынша (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) уәкілетті органдары береді.

Жоспар (сызба) бойынша жер учаскелерінің шекарасы шартты түрде немесе табиғи географиялық шептер бойынша айқындалады. Жер учаскелерінің дәл координаттары ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру немесе кеңейту бойынша техникалық-экономикалық негіздеменің құрамында орындалатын жерге орналастыру жобасын әзірлеу кезінде анықталады.

Актіде республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту үшін резервте қалдырылатын жер учаскелерінің орналасқан жері, олардың алаңы, сапалық жағдайы, қорғау мен пайдаланудың ұсынылатын режимдері, оларда ғимараттар мен құрылыстардың бар-жоғы және олардың бағалау құны, жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға оларды шаруашылық мақсатында пайдалану режимін шектеуге байланысты

залалдарды өтеуге арналған мемлекеттік бюджеттің ықтимал шығыстарын алдын ала бағалау туралы мәліметтер көрсетіледі.

6. Комиссияның актісі негізінде облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органның республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту үшін жер учаскелерін резервте қалдыру туралы шешімі қабылданады, онымен резервте қалдырылатын жер учаскелерінің шекаралары анықталады, олардың орналасу схемасы мен экспликациясы беріледі, мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін сақтауды қамтамасыз ететін оларды пайдалану құқығына шектеулер (ауыртпалықтар) белгіленеді.